

Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2024 жылғы 11 қазандағы № 16/296-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аягөз аудандық мәслихат төрағасы

А. Ибрайшин

Аягөз аудандық мәслихатының
2024 жылғы 11 қазандағы
№16/296-VIII шешіміне
қосымша

Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілерінің түрлері	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,63 1,82
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,18
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,82
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,42
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,16
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,00053

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,36
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,18
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,64
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар ойын автоматтарының залдары, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,03
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,008
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,08
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,48
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,35
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,24
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,20
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,16
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	1,11
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,32
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	3,50
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,45
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,31

25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,83
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,34
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,82
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	5,53
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,38
30	Қаланың аумағында заңды ұйымдастыратын жаппай іс-шаралар, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,18
31	Бау - бақша кооперативтері	1 учаске	2,50